

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сохраняя политическую и экономическую самостоятельность. К тому же Швейцарию в меньшей степени касаются трудности, с которыми сейчас столкнулся ЕС.

Но в силу своего географического положения Швейцария не может избежать интеграции с соседями, которые являются основными экономическими партнерами страны. Безусловным является тот факт, что ЕС все еще мощнейшее политическое и экономическое интеграционное образование. С точки зрения придания политического веса вступление Швейцарии в ЕС может быть вполне обоснованным.

Сложившаяся сейчас международная обстановка обостряет ряд и без того существующих противоречий между ЕС и Швейцарией. Но в условиях глобализации и регионализации стороны не могут избежать объективного и обоюдно необходимого процесса интеграции.

Список использованных источников:

1. Справочник международной конкурентоспособности Международного института подготовки руководящих кадров на 2011–2012
2. Switzerland. Trade and Investment Promotion, 2012 (Справочник инвестора, 2012), С. 17-20
3. Кондаков А.В. Постоянный нейтралитет в международном праве// диссертация на соискание ученой степени // МГИМО МИД России, М., 2002
4. Афанасьева О. В. К истории швейцарского нейтралитета. // Международная жизнь. 1956. № 1. С.79
5. Дурденевский В. Н. О нейтралитете Швейцарии. // Новое время. 1955. № 22. С. 29.
6. Новиков А. Экономические отношения между Швейцарией и ЕС [Электронный ресурс] // Публикации Международного центра делового сотрудничества
7. Национальный банк Швейцарии, «Прямые инвестиции», 2009
8. История Швейцарии – хронология [досье]// Swissinfo.ch, 2015
9. Петров И. Берн будет «защищаться» от иммиграции из ЕС [ДОСЬЕ: БЕРН-БРЮССЕЛЬ]// Swissinfo.ch 05.12.2015
10. Берн подведет ЕС под «защитную статью» [ДОСЬЕ: БЕРН-БРЮССЕЛЬ]// Swissinfo.ch 04.03.2016
11. Мэтт Аллен Швейцария еще поборется за банковскую тайну [ДОСЬЕ: БЕРН-БРЮССЕЛЬ]// Swissinfo.ch 15.04.2014

ӘОЖ 327(470):(51)

РЕСЕЙДІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Мұратова Жансая Қайртайқызы

J-Jans@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Ғ. Даркенов

1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы, бұрын оның құрамында болған он бес одақтас республиканың өз егемендігі мен тәуелсіздігін жариялауы, олардың бірқатарының біртіндеп Батыстық бағыт ұстануы бұрыннан қалыптасқан экономикалық байланыстарды үзді. Жаңадан тәуелсіздігін алған елдердің экспорттық әлеуетінің төмендігі, жаңа интеграциялық байланыстардың құрылмауы, жаңа рынок таба алмау олардың экономикалық жағдайын қиындатты. КСРО ыдырағанан кейін посткеңестік кеңістік әлемнің жетекші елдерінің мүдделерінің қақтығыс аймағына айналды.

XXI ғасырда Орталық Азияның халықаралық маңызы бірнеше факторларға байланысты өсе бастады. Орталық Азия ұлы державалар мен халықаралық ұйымдардың назарын өзіне

аударып, қатысушыларының құрамына байланысты әртүрлі күштердің бәсекелестік әрекет ету аренасына айналды. Орталық Азия аймағы тек Ресей үшін емес, АҚШ, Қытай секілді алпауыт мемлекеттерге де қызуғышылық тудыратын бірден бір аймақ, кейінгі кездерде Түркия мемлекеті де шетте қалар емес. Түркия көбінесе мәдени салаға назар аударуда, ол ТЮРКСОЙ ұйымы арқылы ОА мемлекеттерінің бірігуі пропагандасын жүргізуде. Ресей болса Түркия мемлекетін өзінің қарсыласы ретінде қарастырмағандықтан, қарсы идеологиялар жүргізбегенін көруге болады. Айта кету керек, Орталық Азия мемлекеттері өз алдына белгілі бір мемлекеттің гегемониясының орнауын қаламайды және оған барынша тосқауыл қойып, көпвекторлы саясат ұстануда.

Орталық Азияның Еуразиялық көлік дәліздерінің қиылысында географиялық орналасуы, әртүрлі мемлекеттердің оның ішінде Ресей, Қытай және АҚШ секілді ірі мемлекеттердің жаһандық мүдделерінің де өзара қиылысуына әкелді. Еуразиялық посткеңестік кеңістікте маңызды көлік жолдары орналасқандықтан бұл Батыстың өнеркәсіптік дамыған аймақтары мен пайдалы қазбаларға бай шығыстағы Еуразия аймағымен байланысуға мүмкіндік береді. Орталық Азия аймағында газ, мұнай, алтын, никель және басқа да түсті металдардың үлкен қорларының болуы, сонымен қатар, Орталық Азия мен Каспий теңізі бассейнінде Кувейт, Мексика шығанағы мен Солтүстік теңізінің кен орындарынан әлдеқайда көп табиғи газдың және мұнай кен орындарының қоры сақталғандықтан бұл аймақтың табиғи ресурстарға бай екендігін және осыған байланысты маңыздылығының артуын көреміз.

Жаһандану процесі қарқындап, әлемде энергоресурстар үшін күрес шиеленісе түсуде. Қазіргі таңда Орталық Азия аймағының рөлі мен маңызының айтарлықтай артқанын бірнеше жылдар бойы көптеген елдердің сарапшылары айтып келеді. Осы орайда Орталық Азиядағы геосаяси белсенділігі артып отырған мемлекеттерінің бірі – Ресей болып табылады.

Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс, мұнай бағасының түсуі, Украинаның оңтүстік-шығысындағы болған жағдай, Ресейге батыстың санкциясы, рубль бағамының құлдырауы және Ислам мемлекетінің аймақтық қауіпі әлемдік саясат пен экономикада алдыңғы орынға шығып, халықаралық қауымдастық назарын аударуда. Осыған байланысты Ресей саясаты көршілес жатқан, ресурстарға бай мемлекеттерге деген қызығушылығымен қатар, өзінің бұл өңірдегі ықпалының азаюын болдырмауға барынша күш салуда.

Орталық Азия үшін Ресейдің ядролық қаруы бар мемлекет болуы және Орталық Азия елдерімен тарихи және аймақтық жақындығы оның ықпалының айтарлықтай дәрежеде көрсетеді. Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы және КСРО-ның ыдырауы Ресейдің жаңа геосаяси дамуына және стратегиялық әлеуетіне жол ашты. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Ресей өзінің бұрынғы аумағында қорғаныс шекарасын атқарған аймақтарынан, яғни ОА – дағы айтарлықтай геосаяси ықпалын жоғалтты. Бірақ өзін Совет Одағының мұрагері ретінде жариялап өзіне үлкен жауапкершілік артып КСРО орнына құрылған ТМД ұйымының басты мүшесі болды. Ресей тарапынан Орталық Азия аймағы ТМД бөлігі ретінде қарастырылады, соған байланысты РФ-да ОА-ң өзіне бағытталған стратегиясы жоқ. Көп уақыт бойы Орталық Азия Ресей үшін геосаяси осал және тез «тұтанғыш» географиялық аймақ болып есептеліп келді, соған байланысты алғашында РФ-ң бұл аймаққа аса қатты мән бермегені осыдан. Себебі, Орталық Азия мемлекеттерінің дамуын айқындайтын кейбір белгісіздік, - Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар процесін қиындатады. Дегенмен, Ресейдің ОА-ға байланысты Ұлттық қауіпсіздік ұйымы, ШЫҰ, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында аймақтағы нақты іс-қимыл жоспарлары бар.

Орталық Азияға қатысты Ресей Федерациясының сыртқы саясаты түрліше болды.

1990 жылдың басында, Ресейдің сыртқы саясаты көбінесе Батысқа аударылған болатын, ал Орталық Азия аймағы белгілі бір елемеушілік процесінде болса, бүгін Ресей тұжырымдамасына сәйкес ТМД елдерімен ынтымақтастық сыртқы саясатының басымдықтарының бірі болып табылады.

Ресейдің сыртқы саясатындағы орталық азияға бағытталған, шартты төрт негізгі кезеңге бөліп көрсетуге болады:

–бірінші кезең, яғни 90-жылдардың басы мен ортасында Ресейдің Орталық Азия аймағын маңызды аймақтар есебіне алмай, Батыстың «ажырамас бөлігі» болуы;

–екінші кезең, яғни 90-жылдардың соңында Ресейдің өз сырқы саясатын сыни тұрғыда қарап, Орталық Азия аймағын ескере бастау кезеңі;

–үшінші кезең, 2000 жылы басталды. Бұл кезеңде В.В.Путиннің билік басына келіуімен қатар, Ресейдің халықаралық орнының өсуі Орталық Азияны өзінің ықпал ету аймағына айналдыру еді;

–Ал төртінші кезең, 2010 жылдардағы ы сол кезде Д.Медведевтің сонымен қатар, премьер - министр В.Путиннің Орталық Азиядағы Ресейдің басымдылығын арттыруға байланысты саясаттың жаңа үлгісі мен бағдар жолдарының істелуімен белгіленеді.

Орталық Азиядағы Ресейдің сыртқы саяси мүдделері туралы айтатын болсақ, ең алдымен Орталық Азия аймағында орыс өкілдерінің көптеп орналасуы. Қазір, Орталық Азия аумағында шамамен 5 млн 700 мың орыс өкілдері өмір сүруде. Яғни Ресей мемлекеттік саясаты туралы Федералдық Заңда бекітілгені бойынша, шетелде тұратын отандастардың мүдделерін қорғау жатады, сонымен қатар Ресейдің ОА- ғы қызығу салаларының бірі ол экономикалық ынтымақтастық. Ұйымдарға қысқаша тоқталып кететін болсақ, оларға:

1995 жылы Қазақстан, Ресей, Беларусь президенттері Кедендік одақ құру туралы келісімге қол қойды, бұл субъектілер тараптарына еркін тауар айырбасын, адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге тиісті болды. Кейінірек оған Қырғызстан мен Тәжікстан қосылды.

2000 жылы Бішкекте Кедендік одаққа кіретін Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан, Тәжікстанның мемлекетаралық кеңесінде жаңа халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық қауымдастық құрылды [1].

2002 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері Орталық Азиялық ынтымақтастық ұйымын құру туралы келісімге қол қойылды.

2003 жылы Мәскеуде Қазақстан, Беларусь, Ресей, Украина президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойды.

2007 жыл –Душанбе қаласында бірыңғай кедендік аумақты құру және кедендік одақты қалыптастыру туралы Келісімге қол қойылды, экономикалық интеграцияны белсенді дамыту – міндеті қойылды.

2008 жыл –Дағдарысқа қарсы қорды және жоғары технологиялар Орталығын құру шешімі қабылданды.

2010 жыл –Кедендік одақ жұмыс істей бастады, бұл «үштік» аумағындағы тауарлар мен қызметтердің бөгетсіз қозғалысын қамтамасыз етті.

2011 жыл –«интеграциялық үштік» мемлекеттерінің президенттері Еуразиялық экономикалық интеграция және Бірыңғай экономикалық кеңістікке ауысу туралы Декларацияға, Еуразиялық экономикалық комиссияны құру туралы Келісімге қол қойды.

2012 жыл –Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық негізін құрайтын халықаралық келісімдер күшіне енді. Еуразиялық экономикалық комиссия өз жұмысын бастады .

Еуропалық қайта құру және даму банкіне сәйкес ОА- ның ЖІӨ көрсеткіші 2015 жылы 3,3% құрап, ал инфляция болса 2015 жылы 8,1% шамасында болғандығын көрсеткендіктен Ресей тарапынан кәсіпкерлердің ОА аймағында өз бизнесін жүргізу тиімді болғандықтан, Ресей тарапынан ОА аймағы сауда-экономикалық серіктес ретінде әрі өзінің тауарларын өткізу аймағына ретінде тиімділігі артты.

Ресейдің Орталық Азиядағы сыртқы саясатының ерекшелігі – Ресейдің ОА аймағының дәстүрлерін, өзіндік ерекше сипаттарын біліп, болып жатқан шағын болсын өзгерістерді ескере отырып, әрекеттесуін және достық қарым - қатынасын атап кетуге болады.

Келесі кезекте Ресейдің Орталық Азияға қатысты миграциялық саясатына тоқталып кетсек. Ресейге жылына ОА мемлекеттерінен 700 мигранттар келуде. Келетін мигранттардың 70% мамандық иесі болмағандықтан бұл көптеген қиындықтарды тудыртады. Сонымен

қатар, Ресейден жақсы мамандардың Еуропа мемлекеттеріне кетуі де бір проблема. Соған байланысты Ресей бос орынды жамау мақсатында, Ресей қажетті мамандарды өз мемлекетінің училищесінде даярлауды ойластыруда.

РФ өз тарапынан көп жобаларға қатысып, өзіне тиімді келісімдер жасауда. Атап кететін болсақ, Путиннің Тәжікстан мен Қырғызстанға ресми сапарлары. Ол өзінің Тәжікстан және Қырғызстан аймақтарында әскери базасының орналасуымен қатар, Тәжікстан әскерін ал Қырғызстанның су электр жүйелерін модернизациялауын өз жауапкершілігіне алды. Қырғызстанның Нарын СЭС не 2—4 млрд. долл., көлемінде Қырғызстанға инвестиция құюды жоспарлауда, су мәселесіне байланысты 196 келісімге қол қойылғанымен, соған қарамастан ТМД кеңістігінде олардың ешқайсысы толық түрде жұмыс атқармайды.

РФ президенті Владимир Путиннің РФ Президенті ретінде алғашқы ресми сапарлары Орталық Азия мемлекеттеріне болды, оның ішінде Ташкент, Астана, Бишкек, Душанбе қалаларын атап кеткен жөн. Соған байланысты біз Ресей үшін Орталық Азия аймағының қаншалықты маңызды екенін көре аламыз.

Кедендік Одақ ынтымақтастығы шеңберінде Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасындағы ынтымақтастықтың тиімді құралының бірі болып табылады. Кедендік Одақтың проблемаларының бірі ретінде шекара мәселесін айтып кетуге болады. Қытайдан арзан тауар импорты алдымен Қырғызстанға кейін қазақ-қырғыз шекарасы арқылы Кедендік Одаққа өтеді, нәтижесінде Кедендік Одақтың өндірісіне зиянын тигізуде.

Дін мәселесі қазіргі таңда өткір және өзекті болып табылады. Әсіресе жастардың ислам дініне шамадан тыс қызығушылығының артуы байқалуда. Бұл сепаратистік және исламдық қозғалыстарының тууына және оның алдын алуына Ресей тарапынан жұмыстар жүргізілуде. Яғни бұл аймақтағы қауіпсіздік сақтау Ресей үшін маңызды болып табылады.

Геосаяси, экономикалық, және әскери мүдделер тұрғысында бұл өңірдегі Ресейлік саясатының басты бағыттары келесідей факторларға негізделеді:

- Ресей Орталық Азияны оңтүстіктегі шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін буферлік зона ретінде қарастырады;

- Өзінің энергетикалық жоспарын жүзеге асыру шеңберінде Каспий аймағында ықпалын сақтау;

- Орталық Азияда өз күзіретін өсіру арқылы АҚШ және Қытай секілді ойыншылардың өңірдегі доминантты рөлге ие болуына тосқауыл жасау;

Орталық Азия мемлекеттерінің Ресеймен байланысын интеграциялық үдерістер аясында жүргізу Ресейдің Орталық Азиядағы саясатының даму барысын сараптауға тәуелсіздіктен бері қазіргі күнге дейін қабылданған елдің сыртқы саяси концепциялары, екіжақты және көпжақты құжаттары мүмкіндік береді. Құжаттарға сәйкес Ресей саясатының өзгермелі де алға жылжыған қалпын байқауға болады. 1992 жылғы РФ сыртқы саяси концепциясында Орталық Азиядағы ерекше мүдделер туралы қарастырылмады [2]. Құжатта Ресейдің геосаяси жағдайы көптеген бағыттарда белсенді әрі прагматикалық саясат жүргізуді талап ететіндігі мен Ресейдің Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) және жақын шетел мемлекеттерімен қатынас мәселесі ресейлік реформалармен, дағдарысты жеңу келешегі мен Ресейдің қалыпты өмір сүруін қалыптастыра білуімен тікелей байланыстылығы көрсетіледі. Алайда құжатта Тәжікстандағы азамат соғысынан туындаған аймақтағы діни фундаментализм қаупінің орнағаны көрсетілді.

Өңірдегі саясат 1995 жылғы «ТМД мүше мемлекеттеріне қатысты Ресей Федерациясының стратегиялық бағыты туралы» РФ Президентінің қаулысы анықтаған ортақ стратегия аясында жүзеге асырылып келеді [3]. Бұл құжатта ТМД аумағында Ресейдің экономика, қорғаныс, қауіпсіздік, ресейлік азаматтардың құқығын қорғау салаларындағы өмірлік маңызды мүдделері шоғырланған делінеді. Саясаттың негізгі мақсаты ретінде «экономикалық және саяси жағынан интеграцияланған мемлекеттер бірлестігін құру» жарияланды. Ресей бұл мақсатқа ұлттық экономикалық жүйелерді жақындату, бірыңғай кедендік одақты бірте-бірте кеңейту, болашақта капиталдық ортақ нарығын құру арқылы қол жеткізбек.

Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру мен ТМД мемлекеттерінің Қорғаныс одағына бірігу ниетін қолдау да қарастырылған. Сонымен қатар Орталық Азияға байланысты Ресей саясаты 2000 жылғы Ресей Федерациясының сыртқы саяси концепциясында көрсетілген [4]. Бұл құжатта ОА өңіріндегі АҚШ рөлінің күшеюі, орталық азиялық бағыттағы саясаттың тек кешенді тұрғыдан, яғни Ұжымдық қауіпсіздік келісімінің ұйымы (ҰҚКҰ), ЕурАзЭҚ және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) мүмкіндіктерін қосқанда сәтті болады делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Ресейдің басты стратегиялық серіктесі ретінде анықталды. Себебі, Қазақстан өңірдегі интеграциялық үдерістер саласында жетекші рөл атқарып отыр. Ресей Федерациясының Президенті болып Д. Медведев сайланғаннан кейін, ол 2008 жылы өзінің жаңа сыртқы саяси концепциясын ұсынды [5]. Бұл концепцияда да Орталық Азияға қатысты саясатты ТМД мемлекеттеріне байланысты бөлімде және ҰҚКҰ аясындағы саясатты анықтау барысында көруге болады. Осыдан Ресей саясатындағы ОА мемлекеттері ТМД-нан бөлінбейді, ТМД-ға байланысты саясат неғұрлым өзекті болса, ОА-ға байланысты саясат соғұрлым өзекті болып табылады. Аталған құжатта ТМД мемлекеттерімен екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты нығайту приоритеттік бағыт болып белгіленді. Ауғаныстаннан келетін нашақорлық, лаңкестік қауіптерді жою мен Орталық Азияда жағдайдың тұрақсыздануының алдын алу – Ресейдің алғашқы кезектегі міндеттер болып анықталды [6]. Көпжақты ынтымақтастық Ресей мен Орталық Азия мемлекеттері арасында ТМД, ШЫҰ және ҰҚКҰ аясында жүргізіледі. Сондықтан аталған ұйым шеңберінде қабылданған келісімдерді қарастыру барысында ынтымақтастықтың бағыттары мен басымдылықтарын анықтауға болады.

Қорытындылай келе, Ресей Орталық Азияда тұрақтылықты сақтап тұруды және ондағы өзінің үстемдігінің артуын көздейді. Өңір Ресейдің маңызды кеңістігі ретінде қабылданғандықтан мұндағы буферлік қызметтің бәсеңдемеуі мен басқа мемлекеттердің позицияларының күшеюіне жол бермеу мақсаттары алға қойылып отыр. Жалпы алғанда, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің саяси-әскери ықпалдасуы Таяу Шығыс, Орталық Азиядағы саяси тұрақтылықтың бірден – бір кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуразиялық интеграция шежіресі <http://e-history.kz/kz/contents/view/2061>
2. Концепция внешней политики РФ. 23.04.1992// <http://www.mid.ru>.
3. Указ Президента РФ «Об утверждении стратегического курса Российской Федерации с государствами- участниками Содружества независимых государств» от 14 февраля 1995 года // <http://kremlin.ru>.
4. Концепция внешней политики Российской Федерации. 28.06.2000// <http://www.mid.ru>
5. Концепция внешней политики Российской Федерации. 2008// [http:// www.mid.ru](http://www.mid.ru)
6. Шкапак О.Н. Концепции внешней политики Российской Федерации 1993, 2000 и 2008 годов: сравнительный анализ// Вестник КазНУ Серия международных отношений и международное право. - Алматы, 2011. - №5(55). - С.9-13

ӘОЖ 325.1

ЕУРОПАДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: САЛДАРЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Нурманова Айткуль Аскаровна

nurmanova-aitkul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының ІІ курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Гүлнар Қосаевна

Қазіргі таңда дамушы жаһанданудың айқын көрінісі - болмаған миграциялық қозғалыстардың белсенділік таныту мәселесі болып табылады. XX ғасырды «Екінші